КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2023 жылғы 18 қыркүйек 7119-23-00-2/8242 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Кусманова,
сот отырысының хатшысы Н.А. Балгибекованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:

«АЙЗАТ» Тажикенов Жасулан Атамбаевич жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

прокурор Ищанова А.
талап қоюшының өкілі Каженова Э.Е.
жауапкер Тажикенов Ж.А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 22 мамырда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 355 шарт (бұдан әрі-Шарт) түзілген, оның талаптарына сәйкес Жауапкер талапкерге 1 500 000 теңге сомасына 2 дана санында Камаз-43253 (ӨСБ-15) артқы белдемінің өс редукторы түріндегі тауарды жеткізуді өз міндетіне алған.

Шартқа арналған №1 қосымшаға сәйкес тауарды жеткізу мерзімі шартқа қол қойылған күннен кейін 15 күнтізбелік күн.

Шарт 2023 жылғы 24 мамырда Қазынашылықта тіркелген, тиісінше тауарды жеткізу мерзімі 2023 жылғы 8 маусым.

Белгіленген мерзімде техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарды жауапкер жеткізбеген. Соған орай, талапкер 2023 жылғы 15 маусымда

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жауапкерге мемлекеттік сатып алу порталында Шартты бұзу туралы хабарландырма жолдаған.

Жауапкер талапкерге тауарды жіберген, бірақ соңғысы тауар Техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін болғандықтан тауарды қабылдамаған.

2023 жылғы 22 маусымда талапкер тауардық техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтіні туралы акті жасаған. Соған сәйкес төмендегідей сәйкессіздіктер анықталған:

1. біліктің диаметрі;
2. карданның кері фланецінің бекіткіші;
3. тауардың бұрын пайдалануда болған жайкүйі.

Жауапкерге 7 күн ішінде ескертулерді жою ұсынылған.

Ескертулер жойылмаған, жауапкер қайтадан талапкерге бұрын пайдалануда болған тауарды жіберген, оны қабылдамаған.

2023 жылғы 18 қыркүйекте шарт біржақты тәртіпте бұзылған.

Талапкер қалап қою арызда жауапкер шарттың міндеттемелерін орындамаған, жалға үйжай бермеген,бұл оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануға және тұрақсыздық айыппұлды өндіруге негіз болады деп көрсеткен.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап қою арызын қуаттады. Сотқа тауар бұрын пайдалануда болғанын, тозу іздерінің бар екенін және қайта сырланғаны көрініп тұрғанын түсіндірді.

Жауапкер талап қою арызыан бас тартуды сұрады, өйткені тауар Ресей Федерециясы Набережные Челны қаласында сатып алынғанын, оны «GTD Logistics» ЖШС-тің 2023 жылғы 9 маусымдағы тапсырыс беру шартымен расталатынын айтты. Тауар жаңа күйде жеткізілгенін.

Прокурор талап қою арызын қанағаттандуры жөнінде қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкер техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарды жеткізбегендіктен, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз бар. Талапкер Шарт жасасқан кезде алғысы келгенді ала аламағандықтан, сондықтан онымен шартты бұзуға сол себеп болған. Талапкер сотқа жүгінудің 30 күн мерзімін сақтаған.

Бұрын пайдаланылған тауарды жеткізу шартты тиісті түрде орындамаған болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Кусманова А. К., 26.10.2023

7119-23-3-1/7967

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Соған орай талапкердің жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы қанағаттандырылуға жатады.

№ 2 талап бойынша.

АК 293-бабына сәйкес Борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Қызметтерді көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім беруші міндеттемелерді толықтай орындамаған жағдайда мерзімі өткен әр күн үшін немесе міндеттемелерді тиісті түрде (жартылай орындамаған) жағдайда шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде айып төлеуді (айыппұл, өсім) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл орайда, айып төлеудің (айыппұлдың, өсімнің) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауы тиіс.

Тауарды жеткізудің мерзімін өткізіп алу жағдайы орын алған, соған орай жауапкерден айып төлеуді өндіріп алу үшін құқықтық негіздер бар.

Талапкердің есебіне сәйкес мерзімі өткен 27 күн үшін айып төлеудің мөлшері (2023 жылғы 09 маусымнан 2 шілде аралығына) 40 500 теңгені құрайды (1 500 000 теңге х 0,1% х 27 күн). Есептоп сотпен тексерілді және дұрыс.

Бұлай болғанда, талап қою арызы толық көлемде қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық-процестік кодекстің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2 940 теңге (1 725 тенге + (40 500 тенге х 3%)) мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліп алуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «АЙЗАТ» Тажикенов Жасулан Атамбаевич жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер АЙЗАТ» Тажикенов Жасулан Атамбаевич жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Кусманова А. К., 26.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер АЙЗАТ» Тажикенов Жасулан Атамбаевич жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 40 500 (қырық мың бес жүз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 2 940 (екі мың тоғыз жүз қырық) теңге мемлекеттік баж сот шығысы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Кусманова А. К., 26.10.2023

7119-23-3-1/7967